

**22-27 қараша аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

27 қараша

Апталық жоспарға сәйкес 22-27 қараша аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас педагог физика пәнінің мұғалімі Б.Аманболдин мен география пәнінің мұғалімі Ж.Қалиға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді. Оқу бағдарламасының орындалуы және күнтізбелік тақырыптық жоспарларды электронды журналда рәсімдеуде мұқият болу ескертілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. География, физика пәндері сабақтары әкімшілік тарапынан бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді.
5. 2021 жылдың 22 қарашасында 8-11 сынып оқушыларына арналған «Лингвистика» республикалық олимпиаданың онлайн режимде қорытынды туры өтті. Олимпиаданың мақсаты: қолданбалы Лингвистика пәні бойынша дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау. «Лингвистика» республикалық олимпиадаға біздің мектеп-тен облыстық кезеңнің I орын жеңімпазы, 10 сынып оқушысы Балсент Елдана қатысып II дәрежелі диплом иегері атанды.
6. 22-23 қараша күндері мектепшілік олимпиаданың қорытындысы жасалынып, оқушыларға хабарландырылды. Ағымды жылдың 18-19 қараша күндері өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиадаға 12 пәндер бойынша 134 оқушы қатысты. Соның ішінде қатысқан оқушы саны: математика - 15, физика - 14, информатика - 5, химия - 14, биология - 27, география - 4, Қазақстан тарихы - 16, құқық негіздері - 3, қазақ тілі мен әдебиеті - 11, орыс тілі мен әдебиеті - 5, ағылшын тілі - 16, өзін-өзі тану - 4. Олимпиада қорытындысы бойынша 119 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Соның ішінде жүлдегер оқушы саны: математика - 12, физика - 11, информатика - 5, химия - 11, биология - 21, география - 4, Қазақстан тарихы - 16, құқық негіздері - 3, қазақ тілі мен әдебиеті - 11, орыс тілі мен әдебиеті - 5, ағылшын тілі - 16, өзін-өзі тану - 4. Барлық оқушылар 20 желтоқсанда өткізілетін қалалық олимпиадаға қатысады.
7. 24 қараша күні Шалабаева А.Б. математика пәнінің мұғалімі «Кемеңгер» шығармашылық тобы жоспары негізінде «Арифметикалық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласы» тақырыбында шебер-сынып өткізді. Сабаққа 5 педагог қатысты, соның ішінде жас мамандар да бар.
8. Қ.Сәтпаев атындағы химия пәні бойынша Республикалық олимпиадаға дайындық жүргізілді, өтінім мен қатысатын оқушы және жетекшісі туралы мәліметтер облыстық «Ақмола дарыны» орталығына уақытында жіберілді.

9. Апта бойы курс сабақтарының өтуі, «Олимпиадалық резерв» мектебінің республикалық ғылыми жоба іріктеу тестіне дайындықтың жағдайы қадағаланды. Апта ішінде өткізілген және қатысқан олимпиадалар мен конкурстардың қорытындысы бойынша ақпарат мектеп сайтына, әлеуметтік желілердегі параққа орналастырылып тұрды.

10. Педагогтардың аттестациясы жұмысы бойынша 26 қараша күні орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жетписбаева К.Б. Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысып 92 балл жинады, «педагог-зерттеуші» санатына.

11. «Жалын» шығармашылық тобының педагогтары Торсунова Б.Р. және Сағатай А.А., Қали Ж.С. 9-сыныптар арасында өткізетін «Science is fun» тәжірибелік алаңы келесі аптаға ауыстырылды.